

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1422 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 сәуірдегі N 322 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2005 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1422 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі заң жобалау жұмыстарының 2005 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірі 15-жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 20-1-жолмен толықтырылсын:

"20-1. Қазақстан Республика- ЭБЖМ наурыз наурыз сәуір Н.А. Коржова

сының кейбір заңна-

малық кесімдеріне

мемлекеттік басқару

деңгейлері арасын-

дағы өкілеттіктерді

ажырату және бюд-

жеттік қатынастар

мәселелері бойынша

өзгерістер мен

толықтырулар енгізу

туралы

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі